

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ



ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

7-14 шілде аралығында Ақтау қаласында тірек-қимыл аппараты және көру қабілеті зақымданған спортшылар арасында тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасының жекелей чемпионаты өтті. Чемпионатқа екібастұздық тоғызқұмалақшылар да қатысты.

— Бұл жарыс әлем чемпионатына іріктеу болды. Жарыс тоғызқұмалақтың классикалық және рапид түрлерінен өтті. Екібастұздық 6 спортшы да жақсы ойын көрсетті, — деді ойыншыларды турнирге алып барған бас бапкер Ардақ Қанапашев.

Турнир қорытындысында классикалық тоғызқұмалақта Бауыржан Сырымбетов — 3-орын, Динара Диярова 2-орын алды. Ойынның рапид түрінен Қайрат Кабыржанов пен Динара Диярова, Гүлмира Байтемирова — 3-орынға шықса, Надежда Марченко 2-орынды еншіледі.

Алдағы уақытта ойыншыларды Моңғолия сапары күтіп тұр.

Кенже ҚУАТ

«ШАҒЫН ОТАНЫМЫЗДЫҢ ҰМЫТЫЛМАС МҰРАЛАРЫ» ВЕБ-РЕСУРСЫ

Екібастұз қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің автоматтандыру және цифрлау бөлімінің ұйымдастыруымен 2017 жылдан бастап іске қосылған «Шағын Отанымыздың ұмытылмас мұралары» атты веб-ресурсы өз жұмысын жалғастыруда. Веб-ресурсты кітапханамыздың ресми сайтының басты бетіндегі <http://lib-ekb.kz/> оң жақ бұрышынан немесе <https://lib-ekb.wixsite.com/lib-ekb-memoriy-silteme-arqyly-tabuqa-boлады>.

Аталмыш веб-ресурс — Екібастұз қаласы мен өңірдің тарихи-мәдени мұрасын зерттеп, кеңінен насихаттауға бағытталған игі жоба. Бұл электрондық ресурс — қала мен өңір аумағында орналасқан ескерткіштердің, киелі жерлердің өткені туралы баяндайтын мағлұматтарға қашықтан қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«Шағын Отанымыздың ұмытылмас мұралары» атты веб-ресурс 5 бөлімнен тұрады. Атап айтсақ, «Басты бет», «Ескерткіштер», «Қасиетті жерлер», «Мәдени мұра, сәулет өнері, мемориалдық тақталар», «Бізбен байланыс». Соның ішінде «Қасиетті жерлер» бөліміне тоқтал

сақ: «Қасиетті жерлер» бөлімінде Екібастұз қаласы мен өңірдің рухани-мәдени мұрасы жайлы мәліметтер, тарихи маңызы зор мекендер мен тұлғалар жайында мазмұнды мақалалар жинақталған. Атап айтсақ, тарихи тұлға, ғұлама ғалым Мәшһүр Жүсіптің кесенесі, Қазақстанның киелі орындары тізбесіне енген Исабек Ишан тарихи — мәдени кешені, Ақкөл — Жайылма өңірі, біздің өлкеге имандылықтың дәнін сепкен Солтан қожа, көненің көзіндей сақталған Өлеңті жазулары, Ақбидайық петроглифтері, өңірдегі Әуликөл археологиялық кешені туралы мақалалар ұсынылған. Мақалалардың сандық нұсқасымен «Толығырақ» батырмасын басу арқылы танысып, жүктеп алуға да болады.

Екібастұз өңіріндегі киелі жерлерге қатысты құнды мәліметтеріңіз, баспа және фотоматериалдарыңыз болса, бізбен бөлісуге шақырамыз. Сіздер бұл мәліметтерді «Бізбен байланыс» бөлімінде көрсетілген электрондық пошта арқылы жолдай аласыздар. Келіп түскен әрбір дерек біз үшін аса құнды. Оларды міндетті түрде веб-ресурсқа орна-

ластырамыз. Бұл — өңір тарихының алтын қорын толықтырып, ұрпаққа мирас болар рухани құндылықтар қорын байыта түсу жолындағы ортақ үлес.

Бүгінгі таңда өлкетану электронды ресурсымыз Екібастұз жұртшылығына ғана емес, сондай-ақ Қазақстанға, шет елдерге де кеңінен танымал.

Өлке тарихының тереңіне бойлап, ата-бабамыздан қалған асыл мұрамен танысқаларыңыз келсе, біздің ресми сайтқа кіріп, «Шағын Отанымыздың ұмытылмас мұралары» атты бірегей веб-ресурсқа шақырамыз. Өлкеміздің рухани қазынасына айналған қасиетті жерлердің сырлы шежіресі мен тарихи ескерткіштердің толғаулы тарихымен танысып, бабалар ізі қалған қасиетті мекендердің өткенінен хабардар болыңыздар.

К.ШАЙХИНА,
«ОКЖ» КММ Кітапханаларды дамыту және әдістемелік жұмыс бөлімінің әдіскері,
Г.АШЕРБЕКОВА,
Автоматтандыру және цифрлау бөлімінің кітапханашысы

ЖӘРМЕҢКЕГЕ ШАҚЫРАМЫЗ!

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Екібастұз өңірі ауыл шаруашылығы өндірушілерінің қатысуымен 26 шілдеде «Халық базары» аумағында (Энергетиктер көшесі, 51 «Б» мекенжайы) өтетін ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне шақырамыз. Жәрмеңке сағат 08.00-де басталады. Жәрмеңкеде өнімдер нарықтық бағадан арзанға сатылады.

«Екібастұз қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» ММ

Құттықтаймыз!

Ақкөл ауылының тумасы,
ағамыз

Саржан Абжаровты
88 жасқа толуымен
құттықтай отыра,
мықты денсаулық,
ұзақ ғұмыр тілейміз.



Қариясыз қазыналы — төрдің көркі,
Қамқор боп біздер үшін төккен терді.
Тәлімді тәрбиеңіз зая кетпей,
Ұрпағың өркен жайып өсіп-өнді.
Жарылғап жаратушы Хақ Тағала,
Баянды ғұмыр сүріп қарттық шақта.
Шаңырақтың әрдайым шырайы боп,
Аман-есен жетіңіз жастан жасқа!

Игі тілекпен: қарындасы Рымтай,
туған-туыстары

ХАБАРЛАМА

«ЕЭК» АҚ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 87-бабының 9-тармағына сәйкес, 2025 жылғы 04 тамыздан бастап 10 жұмыс күні ішінде Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жағдайы жөніндегі Ұлттық деректер банкі сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>) «Балластный» қиыршық тас қарьеріндегі «Екібастұз III» кен орнын жою жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар қоғамдық талқылау түрінде өтетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Павлодар облысы, Екібастұз ауданы.
Сайттың географиялық координаттары:

Бұрыш нүктелерінің сандары	Бұрыш нүктелерінің координаталары					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	град.	мин.	сек.	град.	мин.	сек.
1	47	47	14.90	73	05	17.70
2	47	47	16.60	73	05	17.10
3	47	47	18.10	73	05	18.50
4	47	47	18.60	73	05	20.40
5	47	47	15.80	73	05	23.40
6	47	47	13.60	73	05	20.00

Жоба материалдары <https://ndbecology.gov.kz> сайтында, сондай-ақ «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabiga/activities/directions?lang=ru> сайтында орналастырылған.

Жоспарланған іс-шаралар туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін oleg.yaroshenko@erg.kz электрондық пошта мекенжайы арқылы алуға болады: телефон: +7--771-875-07-88.

Мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын НБД веб-сайтына (<https://ndbecology.gov.kz>) және қағаз немесе электронды түрде «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 17; +7(7182)326618 мекенжайына; e-mail: m.shulakov@eps.pavlodar.gov.kz электрондық пошта арқылы жібере алады.

Әзірлеушінің мәліметтері мен байланыс деректері: «ССКӨБ» АҚ Экологиялық жобалау бюросы, № 01783Р мемлекеттік лицензиясы 01.10.2015ж. 111500, ҚР, Қостанай облысы, Рудный қ., Ленин көш., 26 Тел: 8 (71431) 3-17-62, 8 777 890 36 62 E-mail: oleg.yaroshenko@erg.kz, main.ssgro@erg.kz.

Жобаға тапсырыс беруші — «Еуроазиаттық энергетикалық корпорациясы» (ЕЭК) АҚ БСН 960340000148 ЖСН 451400000957 ҚҰЖҚ 00134427 «ЕЭК» АҚ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ, АҚСУ Г.А., АҚСУ, ПРОМЫШЛЕННАЯ КӨШЕСІ, 60

МҰРАҒА ҚАЛДЫРЫЛҒАН ЖИНАҚТАРДЫ БЖЗҚ-дан ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Басы 8-бетте

Сонымен қатар, жинақтарды мұраға қалдыру рәсімін оңайлату, сондай-ақ ҚР Әділет министрлігі, Республикалық нотариаттық палата және БЖЗҚ арасындағы өзара іс-қимылды оңтайландыру үшін «Е-нотариат» бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйесі мен БЖЗҚ ақпараттық жүйесінің өзара іс-қимылы туралы шарт жасалды. Шартқа сай, 2019 жылғы ақпаннан бастап нотариустар БНАЖ-да тіркелген мұрагерлік іс бойынша жазбаша сұраныс жібермей-ақ, қайтыс болған адамның шотындағы ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді алу үшін БЖЗҚ-ға онлайн сұрау сала алады. Бұл мұраға құқық туралы куәлік рәсім-

деуді оңтайландырды. Мұрагер мұрагерлік құқығы туралы куәлікті алғаннан кейін БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесіне қажетті құжаттар пакетін ұсынуға құқылы. Жеке өтініштен басқа, мұрагерлік төлемдерді алуға арналған құжаттарды сенім білдірілген тұлға арқылы немесе пошта арқылы беруге болады.

Егер БЖЗҚ-ға ұсынылған құжаттар, оның ішінде БЖЗҚ-да жинағы бар және ҚР тыс жерде қайтыс болған адамның қайтыс болғандығы туралы куәлікті, мұрагерлік құқығы туралы куәлікті шетелдік ұйымдар мен мекемелер берген, сондай-ақ құжаттың көшірмесінің түпнұсқасымен сәйкесетінін, өтініштегі төлем алушының қойған қолының шын-найы екендігін куәландыру бойынша нотариаттық іс-әрекеттер, сенімхат куә-

ліктері шет мемлекетте жасалса, онда бұл құжаттар мемлекеттік не орыс тіліне аударылып, заңдастырылуы тиіс. Бұған Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленген жағдайлар жатпайды.

Егер жерлеуге арналған біржолғы төлемді алушы немесе БЖЗҚ-да жинақтары бар қайтыс болған адамның мұрагері шетелдік, оның ішінде мұрагердің сенім білдірілген адамы/алушының заңды өкілі болатын болса, онда Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, БЖЗҚ-ға алушының/сенім білдірілген адамның/заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжат ретінде мемлекеттік не орыс тіліне аударылған, қажет

болған жағдайда нотариат куәландырған және заңдастырған шетелдік паспорт ұсынылады.

Қажетті құжаттар топтамасын ұсынғаннан кейін БЖЗҚ заңнамада белгіленген мерзімде зейнетақы жинағы төлемдерін жүзеге асырады.

Қайтыс болуына байланысты (жерлеуге немесе мұрагерлерге) төлем тағайындау туралы өтініштерді рәсімдеуге қажетті құжаттар тізбесімен Қордың веб-сайтында танысуға болады. Сондай-ақ, мұрагерлердің жинақ алу үшін құжаттарды тапсыру рәсімі БЖЗҚ youtube арнасында да жарияланған.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының баспасөз орталығы